



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

17 тамыз 2016 г.

### ҚР Ұлттық Банкі сарапшылармен кездесу практикасын жалғастыруда



Бүгін Алматыда ҚР Ұлттық Банкі өкілдерінің қаржы нарығының сарапшыларымен кезекті кездесуі өтті. Кездесу барысында қаржы реттеушісі жүргізетін ақша-кредит саясатына, ҚР ҰБ-ның базалық пайыздық мөлшерлеме жөніндегі шешіміне, теңгенің айырбастау бағамының қалыптасуына байланысты мәселелер қаралды.

Зерттеулер және статистика департаментінің директоры В.Тутушкин Ұлттық Банктің жағдайды барабар бағалау және базалық мөлшерлеме бойынша бұдан әрі шешімдер қабылдау мақсатында қалыптасатын нақты инфляция және халықтың және нарыққа қатысушылардың инфляциялық күтулері бойынша деректерді үздіксіз қадағалап отыратынын атап көрсетті. Ол жылдық инфляцияның ең жоғары шегінен айтарлықтай төмендеуі 2016

жылғы қазанда күтілетінін атап өте отырып, 2018 жылға дейінгі жылдық инфляцияның болжамымен бөлісті.

В.Тутушкин сондай-ақ инфляциялық күтулер бойынша халық арасында жүргізілген пікіртерімнің нәтижесін айтты. «Инфляциялық күтулер қалыпты болады, алайда 2016 жылғы маусыммен салыстырғанда шамалы көтеріледі», – деп атап өтті қаржы реттеушісінің өкілі. Оның айтуынша, бағаның ағымдағы және неғұрлым жылдам өсу қарқынының сақталуын күтетін қазақстандықтардың саны ұлғайды. Сонымен қатар бағаның жалпы төмендеуін күтетін респонденттердің үлесі төмендеді.

Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Ә. Мұхамеджанов, өз кезегінде Ұлттық Банктің артық өтімділікті алу бойынша операцияларды жүргізуін жалғастыратынын атап өтті. «Біз банк жүйесіндегі артық өтімділіктің бірте-бірте өсуін негізінен салымдарды долларсыздандыру үрдісінің жалғасуы және бюджеттік қаражатты жұмсаудың белсенді сатысының нәтижесі екендігін көріп отырмыз», - деді ол. Оның айтуынша, өтеу мерзімі 7 күннен 182 күнге дейін ноттар аукциондары артық өтімділікті алудың негізгі құралы болып табылады.

Ә. Мұхамеджанов сондай-ақ мұнай бағасының төмендеуіне және Ресей рублінің әлсіреуіне байланысты ағымдағы жылғы шілденің соңында ішкі валюта нарығында байқалған құбылмалылықтың күрт өсуінен кейін қазіргі кезде валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтанғандығын және шетел валютасына сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігімен сипатталатындығын хабарлады. «Мұнай бағасының қайтадан өсуінің аясында ұлттық валютаның нығаюы байқалып отыр», - деп түйіндеді Ә.Мұхамеджанов.

Өз кезегінде, сарапшылар реттеушінің өкілдерімен осындай кездесулерді өткізудің маңыздылығын атап өтті, ондай кездесулерде елдің қаржы нарығындағы ағымдағы ахуал және өзгерістер туралы шынайы ақпарат алуға мүмкіндік бар.

Ұлттық Банктің осы іс-шараны қаржы реттеушісінің нарықпен және жұртшылықпен белсенді коммуникациялар саясаты шеңберінде жүйелі негізде жүргізетіндігін атап өткен жөн. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2016 жылғы 3 қазанда Астана уақыты бойынша сағат 17.00-де жарияланатын болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704 697

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)